

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО
ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

БҰЙРЫҚ

2016 жылғы 8 қаңтар


Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ *13*

город Астана

«Білім беру ұйымдарында пайдалануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердегі тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 27 қыркүйектегі № 400 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы



БҰЙЫРАМЫН:

1. «Білім беру ұйымдарында пайдалануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердегі тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2013 жылғы 27 қыркүйектегі № 400 бұйрығына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8890 болып тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінің 2013 жылғы 28 қарашадағы № 263 (28202) санында жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендерінің, құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштегілерінің тізбесін бекіту туралы»;

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 27-1) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарын оқу әдебиеттерімен қамтамасыз ету мақсатында БҰЙЫРАМЫН:»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мыналар:

1) көрсетілген бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес 1-11-сыныптарға арналған оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер тізбесі;

2) көрсетілген бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес құралдар тізбесі;

3) көрсетілген бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес білім беретін электрондық басылымдар тізбесі;

4) көрсетілген бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарына арналған оқу әдебиеттерінің тізбесі;

5) көрсетілген бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес арнайы (түзету) мектептерге арналған оқу әдебиеттерінің тізбесі;

6) көрсетілген бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес шетел тілдерін оқуға арналған оқу басылымдарының тізбесі;

7) көрсетілген бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес қосымша әдебиеттер мен сыныптан тыс оқуға және жалпы білім беру ұйымдарының кітапханалар қорын толықтыруға арналған көркем әдебиеттер тізбесі;

8) көрсетілген бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес мұғалімдерге арналған оқу-әдістемелік құралдар және әдебиеттер тізбесі.»;

көрсетілген бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес білім беру ұйымдарының 1-11-сыныптарында пайдалануға рұқсат етілген оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер тізбесі осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес білім беру ұйымдарында пайдалануға рұқсат етілген құралдар тізбесі осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес білім беру ұйымдарында пайдалануға рұқсат етілген білім беретін электрондық басылымдар тізбесі осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында пайдалануға рұқсат етілген оқу әдебиеттерінің тізбесі осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес арнайы (түзету) мектептерде пайдалануға рұқсат етілген оқу әдебиеттерінің тізбесі осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес білім беру ұйымдарында пайдалануға рұқсат етілген шетел тілдерін оқуға арналған оқу басылымдарының тізбесі осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес білім беру ұйымдарында пайдалануға рұқсат етілген қосымша әдебиеттер мен сыныптан тыс оқуға және жалпы білім беру ұйымдарының кітапханалар қорын толықтыруға арналған көркем әдебиеттер тізбесі осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес білім беру ұйымдарында пайдалануға рұқсат етілген мұғалімдерге арналған оқу-әдістемелік құралдар және әдебиеттер тізбесі осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті (С.Н. Нюсупов) заңнамада белгіленген

091

тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін, оның көшірмесін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесіне, сонымен бірге шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Республикалық құқықтық ақпарат орталығына» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне орналастыру үшін жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2), 3), 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының Білім басқармалары осы бұйрықты білім беру ұйымдарының назарына жеткізсін.

4. «Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, құралдардың және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде олардың электронды тасымалдағыштағы нұсқаларының тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 18 қарашадағы № 460 бұйрығының күші (Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8971 тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінің 2014 жылғы 18 ақпандағы № 33 (28257) санында жарияланған) жойылды деп танылсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің төрағасы С.Н.Нүсіповке жүктелсін.

6. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым Министрінің
міндетін атқарушы**



Т. Балықбаев

ce